

№3 жоспардан тыс педагогикалық кеңестің хаттамасынан үзінді

2023 жылғы 11 желтоқсан

Қатысқандар 33 педагог, медбике-1, есепші-1, қатыспағандар-0

Тақырыбы: «Павлодар қаласының № 57 сәбилер бақшасы- Көптілде тәрбиелеу орталығы» КМҚК өзін-өзі бағалауы бойынша қорытынды

Мақсаты № 57 сәбилер бақшасының оқыту сапасын арттыру негізінде ұйымның қызметіне объективті талдау беру және бағалау бойынша қорытынды жасау.

Күн тәртібі:

1. 2021-2024 оқу жылдарының жұмыс кезіндегі мектепке дейінгі ұйымның қызметіне бақылау өткізудің қорытындысы.

Осы сұрақ бойынша мектепке дейінгі ұйымның басшысы Г.Жаканова сөз алды. Ол өзінің бағалау бойынша қорытындысын баяндады. Қорытынды бойынша білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет болды. Бағалаудың қосымшаларында көрсетілген сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде есеп жасалды.

Басшы Г.Жаканова кадрлық құрамға талдау жасады, мектепке дейінгі ұйым штаттық кестесіне сәйкес педагогикалық кадрлармен толық қамтылған.

Педагогтердің құрамы бойынша, аттестаттаудан өту және қайта ждаярлау курстың дайындықтан өту бойынша үш жылдың салыстырмалы, көрсеткіштің атап өтті.

Педагогикалық құрам тұрақты емес, себебі жыл сайын бала күтіміне кеткен педагогтер саны басым болады.

Балабақша мемлекеттік тапсырыс 230 баланы құрайды, 10 топ жұмыс істейді.

2. Әдіскер А.Амирова әдістемелік көрсеткіштің жоғары екенін атап өтті. Жылдық жоспардың міндеттерін орындау және жүзеге асыру әдістемелік жұмыстың әртүрлі формалары арқылы шешіледі: педагогикалық кеңестер, педагогикалық сағаттар, шеберлік сыныптар, семинарлар және т.б.

Әдіскер есеп беру материалдарын жүйелендіріп, қосымшаларға сәйкес өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша есеп, тәрбиеленушілердің, педагогтердің жетістіктері қорытындылап, үлгілік оқу жоспарын дайындады.

Перспективалық жоспарлау, циклограмма, мониторинг ҚР Білім Министрінің 31.08.2022 жылға № 385 бұйрығына, 2023 жылғы мониторинг өткізу туралы әдістемелік ұсынымдар, 2022-2023 оқу жылына арналған нұсқаулық-әдістемелік хат, 2022 жылғы № 422 тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілді.

Жүргізілген мониторинг зерттеулер білім берудің әртүрлі жақтарын талдау құралы ретінде тиімді болып табылады.

Балабақшада инклюзивті ерекше білімді қажет ететін балаларымен жұмыс жүргізіледі. Логопед және психолог жұмыстары зерттеленді.

Педагогтер оқу нәтижелерін бағалау үшін барлық қажетті материалдарды ұсынды.

3. Есепші М.Матаева материалдық-техникалық база, негізгі құралдарды сатып алған құжаттарды әзерледі.

Шешімі:

1. 2021-2024 оқу жылдарының жұмыс кезіндегі мектепке дейінгі мекеменің қызметіне толық талдауы өткізілді.
2. Балалардың білім және дағдыларды игеруін бақылауы көрсеткендей педагогтер тілді еркін дамытуға бағытталған түрлі құралдар мен балаларды тарту жәнешоғырландыру әдістерін қолданды.
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту жолында қызығушылық тудыратын жеңіл және ойын әрекеттері басым орын алсын.
4. «Павлодар қаласының № 57 сәбилер бақшасы- Көптілде тәрбиелеу орталығы» КМҚК өзін-өзі аттестаттау қорытындысы толық көлемінде өткізілді, бағалау парағы бойынша ұйымның өзін-өзі бағалауы- **zhaksy**.

Педкеңес төрайымы басшы:  Г.Жаканова

Хатшы:  А.Ибраева

